

Қуат


2023 жылдың соңында габариті 0,4-1150 кВ, жалпы ұзындығы 27 807,454 км (тізбектер бойынша) болатын 395 ӘЖ мен трансформаторларының белгіленген қуаты 39 112,6 МВА шамасын құрайтын 35-1150 кВ кернеулі 83 ҚС-дан тұратын ҰЭТ Компанияның негізгі активі болып табылады. Олар электр энергиясының трансшекаралық ағындарын қамтамасыз ету, электр станцияларынан электр энергиясын жеткізу және өңірлік электр энергетикалық компаниялар мен ірі тұтынушылар арасындағы байланысты қамтамасыз ету үшін пайдаланылады.

2-6

Компанияның ҰЭТ трансформаторларының белгіленген қуаты


39 112,6 МВА

31.12.2023 ж. «KEGOC» АҚ ҚС қуаты және саны, МВА



31.12.2023ж. «KEGOC» АҚ ӘЖ ұзындығы, км

EU4



Компания құрылымы

Компания құрылымына «Жүйеаралық электр тораптары» (ЖЭТ) 9 филиалы және «Жүйелік оператордың Ұлттық диспетчерлік орталығы» (ЖО ҰДО) филиалы кіреді.

«KEGOC» АҚ еншілес ұйымы — «Энергоинформ» АҚ-ның жалғыз акционері болып табылады.

«Энергоинформ» АҚ миссиясы — ең үздік әлемдік тәжірибелер мен инновациялық технологиялардың қолданылуымен ҚР БЭЖ ақпараттық-телекоммуникациялық кешенін сенімді жұмыс істеуін және тиімді дамуын қамтамасыз ету.

Негізгі қызметі — «KEGOC» АҚ-ның ақпараттық-телекоммуникациялық кешеніне, соның ішінде ЭКЕАЖ, SCADA, ЭТН, АБЖ, ЖЖ, РРЖ, СБС, КҚЖ, АТС, ТОБЖ, ӨКЖ жүйелеріне қызмет көрсету және корпоративтік сервистер.

Бұдан басқа, «KEGOC» АҚ «Солтүстік Қазақстан — Ақтөбе облысы өңіраралық ЭЖЖ-ні салу» жобасын іске асыру үшін 2005 жылы құрылған «Батыс транзит» АҚ-ның акционері (акцияларының 20%-ы) болып табылады.

2-6

Компанияның құрылымына

9 филиал кіреді

«KEGOC» АҚ «Батыс транзит» АҚ акционері болып табылады

20% акция

